

1997 жылға арналған көшіп келу квотасы туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1997 жылғы 27 наурыздағы N 3432

"Көшіп келу туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 26 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 13-14, 314-құжат) сәйкес және тарихи отанына қайтып оралуға тілек білдірген босқын-репатрианттардың қоныс аударуын және оларды жайластыруды ұйымдастыру мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі ұсынған 1997 жылға арналған көшіп келу квотасы қосымшаға сәйкес 2180 отбасы болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі, облыстардың әкімдері және Алматы қаласының әкімі осы Жарлықты іске асыру жөнінде практикалық шаралар қолдансын.

Осы мақсатта:

босқын-репатрианттардың қоныс аударуын, оларды қабылдау мен жайластыруды ұйымдастыруға арналған шығыстарды жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен қаржыландыруды қамтамасыз етсін;

босқын-репатрианттардың туыстық және шаруашылық өндірістік байланыстарын, мамандықтары бойынша жұмысқа орналастырылуын ескере отырып, олардың отбасылары жинақы қоныстанатын аудандарды айқындасын;

оларды қабылдауды, жайластыруды және олар үшін қажетті

әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлар жасауды қамтамасыз етсін;

белгіленген тәртіппен босқын-репатрианттардың тұрғын үй салуына және шаруашылық қызметіне орналған жер учаскелерін бөлу туралы мәселені шешетін болсын;

қажет болған жағдайда облыстық бейімдеу пункттерін ұстауға қаражат бөлуді қарастырсын.

3. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1997 жылғы 27 наурыздағы
N 3432 Жарлығына

ҚОСЫМША

1997 жылға арналған шет елдерден көшіп келу

КВОТАСЫ

отбасылар

Көшіп келушілер қоныстанатын облыстар	Иран Ислам Республи.	Қытай Халық Республикасы	Монғол Халық Республикасы	Сауд Аравия Ресей	Федерациясы	нан
Ақмола	-	-	-	120		
Ақтөбе	-	-	-	80		
Алматы	-	10	-	5		
Атырау	-	-	-	50		
Шығыс Қазақстан	-	10	10	10		
Жамбыл	-	-	-	-		
Жезқазған	-	-	-	20		
Батыс Қазақстан	-	-	-	200		
Қарағанды	-	15	10	10		
Қызылорда	-	-	-	-		
Көкшетау	-	-	10	-		
Қостанай	-	-	25	150		
Маңғыстау	40	-	-	40		
Павлодар	-	-	20	120		
Солтүстік Қазақстан	-	-	20	10		
Семей	-	20	20	140		
Талдықорған	-	10	10	15		
Торғай	-	-	-	10		
Оңтүстік Қазақстан	25	5	-	15	20	
Алматы қаласы	2	5	3	10		
ЖИЫНЫ	67	75	128	15	1010	

Көшіп келушілер қоныстанатын облыстар	Тәжікстан	Түркмен.	Түрік Рес.	Өзбекстан	Барлығы
	Республи.	станнан	публикасы	Республи.	
	касынан	нан	касынан		

Ақмола	-	-	-	-	120
Ақтөбе	-	30	-	40	150
Алматы	-	5	-	5	25
Атырау	-	-	-	-	50
Шығыс Қазақстан	-	-	-	-	30
Жамбыл	-	-	-	-	-
Жезқазған	20	20	-	70	130
Батыс Қазақстан	-	-	-	-	200
Қарағанды	-	5	-	10	50
Қызылорда	-	-	-	5	5
Көкшетау	-	-	-	-	10
Қостанай	-	-	-	25	200
Маңғыстау	-	350	-	70	500
Павлодар	-	-	-	-	140
Солтүстік Қазақстан	-	-	-	-	30
Семей	-	-	-	-	180
Талдықорған	5	-	-	10	50
Торғай	-	-	-	-	10
Оңтүстік Қазақстан	20	10	30	135	

<*>

260

Алматы қаласы	5	-	-	15	40
---------------	---	---	---	----	----

ЖИЫНЫ	50	420	30	385	
-------	----	-----	----	-----	--

<*>

2180

ЕСКЕРТУ. Қосымша өзгертілді және жаңа бағанмен толықтырылды -
ҚР Президентінің 1997.10.24. N 3717 жарлығымен.

U973717_

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК